

Тақырыбы:

Жеке сот

орындаушысының

қызметін бақылау



Жеке сот орындаушысының қызметін бақылау

Уәкілетті орган (Министрлік)

Уәкілетті органның оның аумақтық органдары.

Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы

Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы

Жеке сот орындаушылары



Уәкілетті органның құзыреті:

- 1) өз құзыреті шегінде жеке сот орындаушыларының қызметін реттейді және бақылайды;
- 2) жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу сомасының мөлшерлерін әзірлейді және оны бекіту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады;
- 3) уәкілетті органнан үш өкілді айқындайды;
- 4) атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша әдістемелік, нұсқаулық және түсіндіру материалдарын әзірлейді;

- 5) жеке сот орындаушыларының қызметін лицензиялауды жүзеге асырады;
- 6) жеке сот орындаушылары лицензияларының қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды;
- 7) жеке сот орындаушылары лицензияларының қолданылуын тоқтату туралы сотқа қуыным береді;
- 8) мемлекеттік органдармен жеке сот орындаушыларын жария тізілімдерге және электрондық дерекқорға қосу **туралы шарттар жасасады;**

9) мыналарды:

- жеке сот орындаушыларын есептік тіркеу [тәртібін](#);
- жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссия туралы [ережені](#);
- жеке сот орындаушыларының қызметін бақылауды жүзеге асыру [тәртібін](#);
- тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу [тәртібін](#);

- жеке сот орындаушысының қызметтік үй-жайының орналасқан жеріне және жабдықталуына қойылатын талаптарды;
- жеке сот орындаушысында тағылымдамадан өту тәртібін;
- іс жүргізу қағидаларын;
- жеке сот орындаушысының алименттерді және жалақыны өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындауға байланысты қызметіне ақы төлеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

Уәкілетті органның аумақтық органының құзыреті:

- 1) жеке сот орындаушыларының АІЖжСОМ туралы заңды сақтауын және өз міндеттерін тиісінше орындауын бақылауды ұйымдастырады;
- 2) жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысын **тоқтата тұру** және **тоқтату** туралы ұсыну енгізеді;
- 3) Жеке сот орындаушыларының Республикалық палатасының және өңірлік палаталарының **тәртіптік комиссиясына** тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы ұсыну енгізеді;

4) жеке сот орындаушыларын есептік тіркеуді жүргізеді;

5) жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына аттестаттауға жіберу туралы өтініштерді қарайды;

6) алименттерді және жалақыны өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау шеңберінде көрсетілетін, жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеуді қаржыландыруға бағытталатын, республикалық бюджеттен қаражат төлеуді жүргізеді.


Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы - жеке сот орындаушыларының қызметін үйлестіруді және олардың Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасын сақтауын жүзеге асыратын коммерциялық емес, кәсіптік ұйым.

- Республикалық палатаның қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және **жарғымен** реттеледі.
- Республикалық палатаның жарғысын **съезд қабылдайды.**


Республикалық палатаның басқару органдары мыналар болып табылады



съезд - жоғары басқару органы



басқарма - атқарушы орган.



төралқа - басқару органы.
Төралқа құрамына әр өңірлік палатадан 1 мүше, уәкілетті органның 3 өкілі кіреді.

Палатаның ревизиялық комиссиясы

Республикалық палатаның өкілеттіктері:

- 1) жеке сот орындаушылары өңірлік палаталарының қызметін үйлестіруді;
- 2) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа да ұйымдарда жеке сот орындаушылары өңірлік палаталары мен жеке сот орындаушыларының мүдделерін білдіреді;
- 3) жеке сот орындаушыларының өңірлік палаталары басшыларының қызметін бақылауды жүзеге асырады;

- 4) жеке сот орындаушыларының әрекеттеріне өтініштерін қарайды;
- 5) жеке сот орындаушыларын облыстардың, аудандардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың **аумағына бөлуді** және олардың **санын айқындауды** жүзеге асырады;
- 6) жеке сот орындаушыларының тәртіптік теріс қылықтары туралы материалдарды қарайды және тәртіптік жаза қолданады;
- 7) уәкілетті органға жеке сот орындаушысының лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы немесе тоқтату туралы ұсыну енгізеді;

- 8) жеке атқарушылық қызметті ұйымдастыру мәселелері бойынша Сот орындаушылары мен қызметшілерінің халықаралық одағының, басқа да халықаралық және шетелдік ұйымдардың жұмысына қатысады;
- 9) атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша уәкілетті органның, басқа да мемлекеттік органдардың **норма шығарушылық** және сараптама қызметіне қатысады;

- 10) жеке сот орындаушылары мен олардың көмекшілерін кәсіптік, оның ішінде **қашықтықтан оқыту** бойынша оқу орталықтары мен білім беру ұйымдарын айқындайды;
- 11) қашықтықтан оқытуды жүргізу бағдарламасы мен **мерзімдерін бекітеді** және кәсіптік оқыту қорытындылары бойынша **сертификат** (куәлік) береді;
- 12) жеке сот орындаушыларының және олардың көмекшілерінің кәсіптік **оқытудан уақтылы өтуін** бақылауды қамтамасыз етеді;

- 13) жеке сот орындаушылары өңірлік палаталарының қызметін **мерзімді тексеруді** жүзеге асырады;
- 14) Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасын қолдану практикасын қорытады және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар қалыптастырады;
- 15) Жеке сот орындаушыларының кәсіптік **арнамыс кодексін** қабылдайды;
- 16) көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

- Республикалық палата уәкілетті органға **тоқсан сайын** жеке сот орындаушыларының атқарушылық құжаттарды орындауы жөнінде **ақпарат береді.**

Республикалық палатаның қызметін **қаржыландыру** міндетті **жарналар** және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

**Жеке сот орындаушыларының
өңірлік палатасы** - Республикалық
палатаның өңірдегі филиалы.

Қазақстан Республикасының әрбір
облысының, республикалық маңызы бар
қаласының және астанасының
аумағында жеке сот
орындаушыларының **бір өңірлік
палатасы құрылады.**

Жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының өкілеттіктері:

- 1) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық құжаттарды бөлуді жүргізеді;
- 2) Республикалық палатаға жүктелген өкілеттіктерден туындайтын басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;
- 3) Республикалық палатаға және уәкілетті органның аумақтық органына өз қызметі туралы ақпарат береді.

Бақылаудың мақсаттары мен міндеттері:

- сот актілерін жеке орындау саласындағы атқарушылық әрекеттердің заңдылығын қамтамасыз ету;
- атқарушылық іс жүргізу тараптарының мүліктік және мүліктік емес құқықтарының және заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- атқарушылық іс жүргізу саласында жеке сот орындаушыларының бұзушылықтарының алдын алу және ескерту болып табылады.

Жеке сот орындаушыларының кәсіптік қызметін тексеру:

- жеке сот орындаушысының атқарушылық әрекеттерді жасау кезінде атқарушылық іс жүргізу мәселелерін реттейтін қолданыстағы заңнаманы сақтау тексеруді;
- жеке сот орындаушысының іс жүргізуге қойылатын талаптарды сақтауын тексеруді;
- жеке сот орындаушысы мұрағатының жай-күнін зерделеуді;

- статистикалық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен растығын;
- жеке сот орындаушысының Жеке сот орындаушысының кәсіптік ар-намыс кодексін сақтауын және оның Жеке сот орындаушыларының республикалық палата жарғысының талаптарын орындауын тексереді.

Тексеру түрлеріне:

- 1) алғашқы тексеру** - жеке сот орындаушысы кәсіптік қызметін жүзеге асыруды бастаған кезінен бастап алты айдан кейін және бір жылға дейін жүргізілетін жеке сот орындаушысының жұмысын тексеру;
- 2) жоспарлы тексеру** - жеке сот орындаушысының жылына бір рет жүргізілетін жұмысын тексеру;

3) жоспардан тыс тексеру - жеке сот орындаушысының әрекеттеріне шағым түскен кезде немесе оның өз міндеттерін адал орындамайтындығын куәландыратын басқа ақпарат болған кезде жүргізілетін жеке сот орындаушысының қызметін тексеру.

Тексерулерді **(алғашқы және жоспарлы)** жүргізуді жүзеге асыру үшін Әділет департаменттерінің қызметкерлерінен, Жеке сот орындаушыларының (республикалық) өңірлік палатасының құрамынан комиссия құрылады.

Тексерулерді жүргізу комиссиясы **кемінде үш адамнан тұрады**

***НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!***